Мемлекеттік мүлікті республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 1555 Қаулысы

"Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Астана қаласы, Алматы ауданы, Иманов көшесі, 26-үй мекенжайында орналасқан қызметтікке теңестірілген 2 (екі) пәтер " Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі" мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесімен (келісім бойынша) және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының қосымшасында көрсетілген мүлікті қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 1555 қаулысына қосымша

Республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілетін пәтерлердің тізбесі

Р/с №	Атауы	Орналасқан жері	Пәтердің №	Бөлмелер саны	Жалпы алаңы (ш.м.)	Теңгерімдік құны (теңге)
1	Пәтер	Астана қаласы, Иманов көшесі, 26 үй	174	4	277,7	63 593 300
2	Пәтер	Астана қаласы, Иманов көшесі, 26 үй	365	4	214,3	49 074 700

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК